

Мұхатова Оразкүл

тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: Orazgul7@rambler.ru, тел.: +7 777 392 7667

ҚАЗАҚ ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОЙ

Мақалада Қазақ хандығының идеологтары, хандардың кеңесшісі әрі серігі, жекелеген тайпалардың жауынгер басшысы ретінде қызмет еткен жыраулар шығармаларының өзіндік ерекшеліктері және маңызы ашылады. XIX ғасырдағы жыраулар шығармашылығының сипаты анықталады. Туындыларында маңызды әрі көкейкесті түйткілдер турасында ой толғаған жыраулардың тарихи ойдың дамуына қосқан үлесіне баға беріледі. Қазақ ақын-жырауларының, соның ішінде Дулат ақынның туындыларындағы тарихи ойдың көрініс табуы қарастырылады. Дулат Бабатайұлының «Қайран қазақ, қайтейін» деген шығармасының мазмұны айқындалады. Еңбектегі қазақ жүздерінің Ресей империясының боданына айналуының басты себебі көрсетіледі. Империяның боданына айналған елдің жағдайын, жергілікті билеушілердің әрекеттерін дөп басып айтқан ақынның тұжырымдары талданады. Оның пікірлері Шоқанның, Ыбырайдың, Ахмет Байтұрсынұлының көзқарастарымен салыстыра көрсетіледі. Орыстың отарлау саясатының ауқымына енген қазақ халқының басына түскен ауыр жағдай Дулаттың өлең жолдары арқылы баяндалады. Патшалық Ресейдің рухани отарлауының зардаптары туралы айтқан ойлары келтіріледі.

Түйін сөздер: жырау, ақын, шығарма, тарихи ой, Дулат Бабатайұлы, бодандықты қабылдау, отарлау саясаты, қазақ елінің жағдайы, рухани отарлау, санаға ой салу.

Mukhatova Orazkul
Professor of Kazakh National University Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: Orazgul7@rambler.ru, tel.: +7773927667
Historical thought in the writings of Kazakh zhyrau

The article reveals the features and significance of the writings of Zhyrau, who served the people as ideologists of the Kazakh Khanate, advisers and comrades-in-arms of the khans, militant leaders of individual tribes. The nature of the creation of the zhyrau of the XIX century is determined. An assessment is made of the contribution of zhyrau to the development of historical thought which, in their writings, expressed the idea of actual and important problems of their time. The reflection of historical thought in the works of Kazakh poets-zhyrau, including in the works of the poet Dulat, is considered. The content of the work of Dulat Babatayuly «Kairan Kazas, қаитейін» is disclosed. The main reasons for the acceptance of citizenship of the Russian Empire in Dulat's work are shown. The author analyzes the conceptual conclusions of the poet, who actually managed to show the state of the country which has turned into a subordinate empire and the actions of local rulers. His opinions are shown in comparison with the views of Chokan Valikhanov, Ibrai Altynsarin, Ahmet Baitursynov. A difficult situation is described among the Kazakh people, who entered the colonial system of Russia through the lines of Dulat's poems. His thoughts about the consequences of spiritual colonization of tsarist Russia are given.

Key words: zhyrau, poet, composition, historical thought, Dulat Babatayuly, adoption of citizenship, colonial policy, state of the country of the Kazakhs, spiritual colonization, awaken consciousness

Мухатова Оразкул
доктор исторических наук, профессор
Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: Orazgul7@rambler.ru, тел.: +7 777 392 7667
Историческая мысль в трудах казахских жырау

В статье раскрываются особенности и значение сочинений жырау, которые служили народу как идеологи Казахского ханства, советники и соратники ханов, воинствующие вожди отдельных племен. Определяется характер творчества жырау XIX века. Дается оценка вклада жырау в развитие исторической мысли, которые выражали мысль об актуальных и важных проблемах своего времени. Рассматривается отражение исторической мысли в трудах казахских поэтов-жырау, в том числе в сочинениях поэта Дулат. Раскрывается содержание сочинения Дулата Бабатайұлы «Қайран қазақ, қайтейін». Показываются главные причины принятия подданства Российской империи в работе Дулата. Анализируются концептуальные выводы поэта, который реально сумел показать состояние страны, изменившейся под действием местных правителей. Его мнения показываются сравнительно с мнениями Чокана Валиханова, Ибрая Алтынсарина, Ахмета Байтурсынова. Излагается трудная ситуация казахского народа, который вошел в колониальную систему России через строки стихов Дулата. Приводятся его мысли о последствиях духовной колонизации царской России.

Ключевые слова: жырау, поэт, сочинение, историческая мысль, Дулат Бабатайұлы, принятие подданства, колониальная политика, состояние страны казахов, духовная колонизация, пробудить сознание.

Кіріспе

Тарихи ой ежелгі Шығыстан бастап қалыптасып, антикалық елдерде айтарлықтай дамып, орта ғасырларда әртүрлі бағыттарды қамтыды. Тарихи ой, тарихи білім тарихнама ғылымының дамуын және тұрақты қозғалу үрдісін көрсетеді. Тарихи ой жан-жақты жетіліп, дамыған сайын ол тарихи білімге ұласып, тарих ғылымы қалыптасады. Қазақ тарихының әртүрлі дәуірлері мен замандарында тарихи ой қалыптасып, үнемі даму үстінде болды, дегенмен ол өзіндік белгілерімен ерекшеленді. Тарихи ойдың дамуына қомақты үлес қосқан ғұлама ғалымдар мен ойшылдар, жыраулар мен ақындар, билер мен шешендер өздерінен кейін маңызы зор құнды деректерді мұра етіп қалдырды. Солардың негізінде бірқатар еңбектер және жинақтар жарияланды.

Қазақ хандығы дербес мемлекет ретінде тарих сахнасынан орын алған тұста халық даналығының бірегей туындылары дүниеге келді. Қоғамның рухани өмірінде елдік пен ерлікті, ынтымық пен тұтастықты, байлық пен дәулетті, ақыл мен парасатты және т.б. жырлаған жыраулар поэзиясы алдыңғы қатарға шықты. Хандықтың идеологтары, хандардың кеңесшісі әрі серігі, жекелеген тайпалардың жауынгер басшысы ретінде қызмет еткен жыраулардың шығармашылығы XV-XVIII ғасырларда өзіндік ерекше әдебиетті қалыптастырды. Толғау, арнау, өсиет, жыр, айтыс түріндегі шығармалардың мазмұны терең, тәлім-тәрбиесі мол, өзіндік

көзқарастар мен тұжырымдарға толы болды. Жыраулар өз заманында орын алған оқиғаларға баға берді, ой толғады, сын айтты, ұсыныс білдірді, болашақты болжады. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағидаға сүйенген жыраулардың ұстанымын халық қолдады, оларды құрметтеді, соның арқасында олар зор беделге иеленді.

XIX ғасырдағы жыраулар шығармаларының сипаты

Қазақ жерлерінің патшалық Ресейдің боданына айналғаннан кейінгі уақыттарда халықтың тұрмыс-тіршілігі нашарлап, шаруашылығы тығырыққа тіреле бастағаны белгілі. Далаға капиталистік қатынастар ене бастаған тұста елінің жағдайына алаңдаған ақындар қалыптасқан ахуалды шығармаларына арқау етті. Еңбектері арқылы халықтың санасын оятуға ұмтылды. XVIII ғасырдың соңы және XIX ғасырда өмір сүрген жыраулар мен ақындар арасынан Дулат Бабатайұлы (1802-1871), Шортанбай Қанайұлы (1818-1881), Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) ерекшеленеді. Тоталитарлық тәртіп кезінде оларды патриархалдық өмірді көксеуші, Ресейге қарсы болған керітартпа идеология, «Зар заман» өкілдері деп қарады. «Зар заман» дегені Шортанбайдың бір толғауы солай аталатын. Сондықтан олардың аттары аталмайтын, толғаулары тарихтан сызылып тасталған еді. Байқап қарасақ, олар елді кері тартпақ болған идеология өкілдері емес, қайта қазақ

жерінің тағдырын ойлап, елге ұран тастап, А.И. Герценнің «Колокол» («Қоңырау») газеті сияқты халықтың санасын оятпақ болған зиялылар екен (http://zinref.ru/000_uchebniki/).

Жыраулар сол кезеңнің өзекті мәселелерін шығармаларында жан-жақты ашты. Туындыларында маңызды әрі көкейкесті түйткілдер тұрасында ой толғаған жыраулар тарихи ойдың дамуына айтарлықтай үлес қосты. Өкінішке орай кеңестік коммунистік идеология елім деп еңіреген қазақ жырының қарқаралары Дулат, Шортанбай, Мұрат туындыларын сүзгіден өткізіп, отарлық езгіге қарсы айтылған жолдарын түгел түзетіп жариялады, ал кейде жабулы қазақ күйінде қалдырды. Ұлы Дала Елі тәуелсіздігіне қол жеткізген кезде осынау олқылықтар мен ақтаңдақтардың орнын толтыруға мүмкіндік туды. Аталған жыраулардың еңбектерін Сәрсенбі Дәуітұлы құрастырып, жинақ етіп 1993 жылы баспадан шығарды (Зар заман, 1993).

Дулат ақын және туындылары

Өлеңдерін халық жадынан өшіріп, жылауық, заржақ ақын етіп көрсетуге тырысқандардың бірі – Дулат Бабатайұлы. Ол 1802 жылы Семей өңірі, Аягөздің Сандықтас қонысының маңында дүниеге келген (3). Өмірі туралы деректер толық зерттелмеген. Ауыл молдасынан оқып, хат танып, мұсылманша сауатын ашқан. Дулат көне ақын-жыраулар мұрасынан ескі тарихи аңыздар мен эпикалық жырларды тыңдап, көне түркі поэзиясынан тағылым алған, өз дәуіріндегі ең білімді адамдардың бірі болды. Дулат Бабатайұлы халықтық шығармаларды, ұлттық поэзия үлгілерін жаттап өскен, Бұқар және Ақтамберді жырауларды ұстаз тұтқан. Ақынның шығармалары, негізінен, қазақ халқының екі жақты езгіге түскен ауыр халін суреттеуге құрылған. Бірінші, патша үкіметінің отаршылдық қанауы. Екінші, патша үкіметі тарапынан тағайындалып, солардан қолдау табатын жергілікті әкім-билердің езіп-жаншуы. Өлеңдері ел ішіне ауызша және қолжазба түрінде таралған. Кейбір өлеңдері Қазан қаласынан 1880 жылы алғаш рет «Өсиетнама» деген атпен жеке кітап болып жарық көрген. Жинаққа ақынның сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірін шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстары енген. Ақынның кейбір өлеңдері кеңес дәуірінде әр түрлі хрестоматияларда «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» деген жинақта (XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының

шығармалары, 1990), кейін «Үш ғасыр жырлайды жинағында» (Үш ғасыр жырлайды, 1965) басылып шықты. Ал, «Еспембет» поэмасы алғаш рет 1957 жылы «Жұлдыз» журналының 5-нөмірінде жарияланды. Дулат шығармаларын барынша зерттеп, жинап, баспаға әзірлеген Қ. Өмірәлиев болды. Ақынның жеке жыр жинағы «Замана сазы» деген атпен 1991 жылы жарық көрді. Өнер жолына ерте түскен, өмірінің соңғы күндеріне дейін ел ықыласына бөленген Дулат 1871 жылы қайтыс болды (<http://www.studfiles.ru/preview/3347298/>).

Дулат ақынның «Қайран қазақ, қайтейін» деген шығармасы туралы жиі айтыла бермейді. Ақынның өлеңдерін әдебиет зерттеушілері талдағанымен тарихи тұрғыда зерттелген емес. Еңбектің мазмұны – бодандық бұғауын киген халықтың басына түскен ауыр жағдай. Басты идеясы – надандық кесапаты, азаттық, бірлік, ынтымақ.

Ресей империясының боданына айналуының басты себебі ретінде ауызбірліктің жоғалуы, үш жүздің бас басына билік құруы деп санады. Оны мына бір өлең жолдары дәйектейді:

... Бір ауызды күнінде
Үш жүздің ұлы қараған,
Алдынан соның тараған,
Әбілпейіз, Абылай –
Екі сұлтан сұңқарға (Зар заман, 1993: 6).

Абылай ханның тұсында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған, тұтастай билік пен бірлігі жарасқан ел болғандығын көлденең тартады. Үш жүзді билеген хан дүниеден өткен соң бірлік пен ынтымақтың жоғалғандығын, соның салдарынан орыстың қолтығына кіргендігіне күйіне отырып, былай деп жазған:

... Еркінше өскен қайран ел,
Дәулетін бейне шалқар көл,
Айдың бейне асқар бел,
Ботадай бұла өскен тел,
Енді келіп қамалдың
Орыс салған қу тамға... (Зар заман, 1993: 6).

Тәуелсіздіктен айырудың тағы бір себебін қазақ хандарының сыртқы саясатқа мән бермегендігінің салдарынан орын алғандығы деп түсіндіреді. Осыны ақын:

... Күнбатысқа көз салмай,
Күншығысты еске алмай,
Бізді алатын жау жоқ деп,

Бізден мықты дәу жоқ деп,
Алды-артыңды байқамай,
«Маған не бар» дескенсің! (Зар заман, 1993: 10), –

деп, жан-жағынан анталаған жауды байқамаған билеушілерді аяусыз сынады. Солтүстігінде казактар, батысында ноғайлар мен башқұрттар, шығысында жоңғарлар, оңтүстігінде Қоқан мен Хиуа қазақтарға қауіп төндіргенін деректер айғақтайды. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейінгі уақыттарда орын алған ахуал шиеленісіп, қауіп күшейе түсті. Ақыры халық «ақтабан шұбырындыға түсіп, алқа көл сұламаның» қасіретін шекті. Осыны Дулат:

... Болашақты болжамай,
Жол сауданы олжалай,
Ақбөкендей алданып,
Жылқыны делбе сандалып,
Ортасына кәпірдің
Андамай келіп түскенің! (Зар заман, 1993: 11), –

деп дәл көрсетті. Шындығында да Ахмет Байтұрсынұлы жазғандай, «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі надандық кесапаты» (Байтұрсынов, 1995)

XIX ғасырдың бас кезінде тарихтан белгілі, алдымен шептер мен қамалдар салынды, содан соң аумағы басқаруға лайықтап бөлшектенді, бірте-бірте түгін тартса майы шығатын құнарлы жерлері тартып алынды, ақыр соңында бөтен дінге еніп, шоқынудың дейін барды. Дулат осылардың бәрін өз көзімен көріп, басынан кешіргендіктен еш бүкпесіз халықтың жағдайын дөп басып айтты.

... Бастады тәңірім теріске,
Елің түсіп керіске,
Енді қолың жетпейді
Кең қоныс, бейбіт өріске,
Хайуанмен тең саналдың,
Терідей болып тоналдың!
Жол таба алмай қамалдың,
Басшысын атқан бөкендей (Зар заман, 1993: 7).

Көріп отырғанымыздай, метрополияның отар елді «бөліп ал да, билей бер» деген қағиданы басшылыққа алып, езгіні күшейтіп, қолда барын жон терісін сыпырғандай тонап алып отырғанын сүйектен өтетін сөздер арқылы жеткізген.

Өз кезегінде «1822 жылы Сперанский Сібір заңдарының жинағын құрастырады, 1824 жылы бұл заң қазақ даласында да қолданылды. Өзіндік

әдет-ғұрпы, ой-тірлігі бар көшпелі сауатсыз халық аты-жөні, күтпеген жерден толып жатқан сатылы басшылығы, олардың көп бөлшекті бағынышты тармақтары, түрлі атаулы сатысы бар бюрократтық орталыққа бағынды. Бұл әкімшілік жүйесі осыған дейін қазақ былай тұрсын, орысқа да түсініксіз еді» (Уәлиханов, 2005), – деп Шоқан сынаған патшалық Ресейдің саяси реформаларының арқасында билікті бас пайдаларына жаратқан жергілікті шенқұмарлардың әрекеттерін Дулат беттеріне басты. Оның:

... Орыстың заңын қуаттап,
Жол ашып елді суаттап,
Баладай алдап уатпақ:
Би дегенің би емес, –
Ел алдағыш мекері (Зар заман, 1993: 11), –

деген сөздері сол кезеңдегі билеушілерге берілген анықтама тәріздес. Бұдан әрі ақын:

... Шен шекпенге құмартқан,
Қанталап көзі мұнартқан,
Саудалап елін тиынға,
Құмартып орыс сыйына,
Бек дегенің бек емес, –
Хан жалшысы, нөкері (Зар заман, 1993: 11), –

деп «анықтамасын» нақтылай түскен. Қазақтың белгілі ағартушысы Ыбырай Алтынсарин 1868 жыл «Дала облыстарын басқару жөнінде уақытша ереже туралы» деген еңбегінде «...1869 жылы Қырғыз даласында дала облыстарын басқару жөнінде «Уақытша Ереже» Орынбор қырғыздарын басқарудың бұрынғы тәртібін мүлдем өзгертіп жібергені белгілі. Орынбор өлкесінің барлық қырғыздарын басқаратын бір облыс басқармасының орнына үш облыс басқармалары – Орал, Торғай, Сырдария бекітілген. Орданың үш жүзіндегі қырғыз хандарының ұрпақтары сұлтан билердің орнына – шығыс, орта, батыста – уезд басқармалары бекітіліп, оның әрбірінде 4-6 бастықтан сайланған. Бұл жаңа облыстардың құрамында қызмет ететін бастықтардың бәрі орыс офицерлерінен тұрады, ал қырғыздарға берілген қызмет – уезд басқармасының көмекшісі» (Алтынсарин, 2005), – деп жазған еді. Міне, осы ұлы Абайдың сөзімен айтсақ, «Бас басына би болған өңшең қиқымның» еліне жасаған қиянатын Дулат ашық айтқан.

Орыстың отарлау саясатының ауқымына енген қазақ халқының күн өткен сайын тоналуы былай тұрсын малы мен басын бірдей санап жатқандарын да ашып айтқан. Мұны

... Малыңды салып талауға,
Адамын хаттап санауға, бөкендей
(Зар заман, 1993: 11). –

деген жолдарынан көруге болады. Жалпы ақын отарлау саясатының барлық қырларын және олардың зардаптарын көрсетуге ұмтылған. Мәселен, рухани отарлауының зардаптарын «Шариғат жолын тастадың, теріске елді бастадың,...» (Зар заман, 1993: 7), – деп көрсетті. Қазақ қоғамында бұрын-соңды орын алмаған ішімдік ішудің етек жайып бара жатқанына налиды. Сібір халықтары «отты су» деп атаған пәленің қазаққа да келіп жеткенін ақын былай жырлаған:

... Арақты балдай татқаның,
Күнәға белден батқаның.
Отыз үш мың сахаба,
Токсан тоғыз машайық,
Ұмыттың мүлде аруақты,...» (Зар заман, 1993: 12).

Міржақыптай «Оян, қазақ!» деп жар салмаса да Дулат ақын болашақты болжап, халқын бірлікке, азаттыққа шақырды, кеш қалмай тұрып басқа түскен жағдайды парасатпен, ақылмен шешуді ұсынды. Оған

... Маңдайың күнге күйген соң,
Табаның жерге тиген соң,
Оқ тиген ұзақ кезденіп,
Ұшырап күйге кезбелік,
Қанатыңнан қайрылып!, –

деген жолдар дәйек бола алады. «Орыспен жолдас болсаң, айбалтаң жаныңда болсын» деген мәтелдің де пайда болуы тегін емес. Сондықтан сақтықпен бірігіп әрекет етуді алдыға тартты.

... Егін себер кеңді алып,
Бұрынғысы өтірік,
Шыныменен енді алып,
Кетіретер кәпір сикынды
(Зар заман, 1993: 13), –

деген сөздерінің астарында талай ой жатты.

Қорытынды

Осылайша кеңестік идеология бұрмалаған, өткір тұстарын жарамсыз еткен жыраулар шығармаларымен тәуелсіздік жылдары танысуға мүмкіндік туды. Олардың мазмұнын зерделей отырып, ақындардың маңызды әрі көкейкесті түйкілдер турасында ой толғап, тарихи ойдың дамуына айтарлықтай үлес қосқандығына көз жеткізуге болады. А.И. Герценнің «Колоколындай» сыңғырлап, А. Байтұрсынұлының «Масасындай» ызындап, М. Дулатұлының «Оян, қазағындай» жар салып, тарихи ойдың тереңіне жол салғандығын байқау қиын емес.

Қазақ жырауларының, соның ішінде Дулат Бабатайұлы шығармаларында тарихи ой көрініс тапқан. Ақын отарлық езгіге түскен қоғамның күрделі ахуалын өткір тілмен шебер жеткізген. Өзі өмір сүрген кезеңнің куәгері ретінде қазақ жерлерінің тартып алынуын, билердің әділетсіздігін, салықтың өсуін, дәстүрлі шаруашылықтың тығырыққа тіреле бастауын, патшалық Ресейдің отарлау саясатын жан-жақты жүргізіп жатқанын өлең сөзбен өре отырып баяндаған. Бодандық бұғауында отыра бермей азаттық үшін күресу қажеттілігін де астарлап айтқан.

Әдебиеттер

- http://zinref.ru/000_uchebniki/
Зар заман: Жыр толғаулар. (1993) / құрастырған С. Дәуітов. – Алматы: «Жалын» 176 б.
<https://kk.wikipedia.org/wiki>
XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. (1990). Алматы.
Үш ғасыр жырлайды (1965). (Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары). Алматы: «Қазақ КСР Ғылым академиясының баспасы», 1965.
<http://www.studfiles.ru/preview/3347298/>
Байтұрсынов А. Қазақ өкпесі (1995). / Әбдіманов Ө. Қазақ газеті. Алматы.
Уәлиханов Ш. Сот реформасы жайында хат (2005). / Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. 4-т. Астана: «Фолиант». 260-309 бб.
Алтынсарин Ы. 1868 жыл «Дала облыстарын басқару жөнінде Уақытша Ереже» туралы (2005). / Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. 4-т. Астана: «Фолиант». 310-332 бб.

References

- http://zinref.ru/000_uchebniki/
Zar zaman: Zhyr tolgaular.(1993). Kurastyrgan S. Dautov. [The time charge: The Saga of the poetry. compiled S. Dayitov.]
Almaty: «Zhalyn». 176 p.
- [https://kk.wikipedia.org/wiki](https://kk.wikipedia.org/wiki/XVIII-XIX_gasyrlardagy_kazak_akyndarynyn_shygarmalary.(1990).)
XVIII-XIX gasyrlardagy kazak akyndarynyn shygarmalary.(1990). [Compositions of Kazakh poets of the XVIII-XIX centuries.]. Almaty, 1990.
- Ysh gasyr zhyrlajdy (1965). (Revoljucijara dejingi kazak akyndarynyn shygarmalary). [Three centuries sings Compositions of Kazakh poets XVIII-XIX centuries (Compositions of Kazakh poets in the pre-revolutionary period)]. Almaty, Printing house of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR.
- <http://www.studfiles.ru/preview/3347298/>
Baytursunov A. Kazak oqpesi (1995). / Əbdimanov O. Kazak gazet. [The offense of the Kazakhs. Abdymanov O. The newspaper “Kazakh”]. Almaty. P. 69-71.
- Valikhanov Ch. Sot reformasy zhajynda hat (2005). // Tarih – adamzat aqyl-ojynnyñ kazynasy. On tomduk. Zhana zamandagy tarihi oj. 4-t. [Letter about judicial reform // History - a treasure of consciousness of mankind. In 10 volumes. Historical thought of modern times 4-t.]. Astana: «Foliant». – P.260-309.
- Altynsarin I. 1868 zhyl «Dala oblystaryn baskaru zhoninde Uakytsha Erezhe turaly (2005). // Tarih – adamzat aqyl-ojynnyñ kazynasy. On tomduk. Zhana zamandagy tarihi oj. 4-t. [About “Temporary position of the management of the steppe regions of the 1868 year” History - a treasure of consciousness of mankind. In 10 volumes. Historical thought of modern times 4-t.]. Astana: «Foliant», 2005. 310-332 bb.